

2022 жылдың қазан айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қазан айының бірінші онкүндігінде Қазақстанның астық себілетін аудандарының басым бөлігінде орташа жылы, қысқа мерзімді жауын-шашынды ауа райы байқалған. 1-2 күн ішінде жауған жауын-шашын Қостанай, Қарағанды және Ақмола облыстарының жекелеген учаскелерінде жаздық дәнді дақылдарды жинауды біршама кешіктірді.

Түнгі уақыттарда байқалған минус 2...14°C дейін аяз ел аймағының көп бөлігінде ауыл шаруашылығы дақылдары үшін қауіпті болмаған, бірақ таңертеңгі уақытта егін жинау жұмыстарын жүргізуді біршама қиындатқан.

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидай себілетін аудандарда топырақ дайындау және егіс жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы жағдайлар қалыптасқан. Алматы облысында (Талдықорған станциясы) және Жамбыл облысында (Қордай агропосты) күздік бидай егуге кіріскен, дала жұмыстарының сапасы жақсы.

Жылу сүйгіш дақылдардың жағдайы (дәнді жүгері, қант қызылшасы, соя, мақта) өте жақсы және жақсы. Жүгері мен соя жинауға кіріскен сондай ақ Ордабасы ауданында алғашқы мақта жинау жұмыстары жүргізілуде.

Жеміс дақылдары бақылау учаскелерінде (алма, алмұрт, таңқурай) «күзгі жапырақтардың түсуі» даму кезеңі байқалған. Жеміс дақылдарының жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық, Жамбыл облысында (Саудақент станциясы) алма бақтары нашар болып бағаланған.

Республиканың оңтүстік облыстарында 3-ші шабудан кейін жоңышқа шөптерінің өсуіне қолайлы жағдайлар болған. Жоңышқа шөптерінің биіктігі 9 см дейін жетеді. Жоңышқа шөптерінің жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық.

Өткен онкүндікте мал жаю барлық жерлерде жүргізілген. Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында қой қырқу жұмыстары жүргізілуде. Қарағанды облысының Ұлытау ауданында малдарды айдау жұмыстары жүргізілуде.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аймағында жайылымдар әлсіз және бір қалыпты тапталған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдар малмен қатты тапталған.